

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Күні: 29.08.2025

Өтетін орны Амина бөбекжайы

Катысқаны: 7

Төрағасы: Азденбаева Р. К

Тақырыбы: «Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы», «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы.

Мақсаты:

Тәрбиеленушілердің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Қатысқандар: 4

КҮН ТӘРТІБІ:

Жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес мүшелерін анықтау және хатшысын сайлау. 2025–2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйымның нұсқау хатын талқылау. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарларын бекіту.

«Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы» тақырыбын талқылау.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағыты бойынша жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңес төрайымы жаңа оқу жылында педагогикалық кеңестің құрамын анықтау және хатшы сайлау мәселесіне тоқталды. Педагогикалық кеңес мүшелерінің міндеттері мен жауапкершілігі түсіндірілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Жұмабай С. С педагогикалық кеңес хатшысының атқаратын жұмыстары туралы айтып, педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамаларын уақытылы және талапқа сай рәсімдеу қажеттігін атап өтті.

Қаулы етілді:

Педагогикалық кеңес мүшелерінің құрамы бекітілсін.

Педагогикалық кеңес хатшысы болып *Мейремхан М* сайлансын.

Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Әдіскер кеңес №1

Тақырыбы: 2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға арналған нұсқау хаттың негізгі бағыттарымен таныстырды. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда балалардың жас ерекшеліктерін, жеке қажеттіліктерін және қызығушылықтарын ескеру қажеттілігі айтылды.

Сонымен қатар 2025–2026 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жұмыс жоспары талқыланды. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары қаралып, оқу жылында атқарылатын жұмыстардың бағыттары белгіленді.

Қаулы етілді:

2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары бекітілсін.
Тәрбиелеу-білім беру процесі нұсқау хат талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.
Әр педагог өз жоспарына сәйкес жұмыстарды жүйелі түрде жүргізісін.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Тәрбиеші Өмірбек А «Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы» тақырыбында баяндама жасады. Отбасының бала тәрбиесіндегі орны ерекше екендігі айтылды. Ата-әже, әке мен ананың балаға беретін тәрбиесі мен өнегесі баланың тұлғалық қалыптасуына он ықпал ететіні атап өтілді.

«Аталар, аналар, әжелер мектебін» ұйымдастыру арқылы балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, еңбекқорлық пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ұсынылды.

Қаулы етілді:

«Аталар, аналар, әжелер мектебі» жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
Ата-аналар мен ата-әжелерді балабақшадағы тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатыстыру қамтамасыз етілсін.
Балаларға ұлттық және отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған іс-шаралар өткізілсін.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды:

Педагогтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағыты бойынша мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында адалдық, жауапкершілік, құрмет, мейірімділік, отансүйгіштік және еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығын талқылады.

Қаулы етілді:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағыты бойынша тәрбие жұмыстары оқу-тәрбие процесіне енгізілсін.
Балалардың жас ерекшеліктеріне сай адамгершілік және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілсін.
Отбасымен бірлескен тәрбиелік іс-шаралар саны арттырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: 

Хатшы: 